

# Жас Түркістан

қараша-желтоқсан N6/2002

Ақын  
Жұмаш КЕНЕБАЙ



# ҚАЙРАТ ТАНЫТҚАН ҚАЙРАТКЕРЛЕР

Мәкен УАҚ

**ИМАНГАЛИ  
ТАСМАҒАМБЕТОВ**

Желтоқсан көтерілісінің бас қурбаны – Қайрат Рысқұлбековке тұған ауылы Бірлікті ескерткіш орнатуға қор төрағасы қызметінде белсене араластым. Ескерткішті Алматыдағы театр-өнер институтының сол кездегі профессорлары Байтұрын Өмірбеков пен Болат Досжановқа жасаттыратын болып келістік. Сонымен бірге ашылу салтанатына келетін қонақтарға шақыру қағаздарында тапсырыстар бердік. Қайрат атындағы қор Басқармасының мүшелері кеңінен әқылдаса келе жас боздақтың рухын қастерлеуге атсалысқан он шақты азаматқа қымбат металдардан, барлығы 2 мыңдай төс белгілер жасаттыруды мақұл көрдік.

1992-жылы қоқтемде Алматыға барған сапарымызда осы мақсатпен Сувенирлер фабрикасының табалдырығын аттадық. Тапсырыс қабылдайтын жігіт орыс үлтинаң екен, қандай жұмыспен келгенімізді білген соң, Қайрат кім? – деп, сұрады. Жанымдағы жол серігім Асылхан Шұніреков

*Жалгасы. Басы өткен санда.*

байқамай, ол желтоқсан көтерілісіне қатысқан, дей бергенде-ақ, онда болмайды, Министрлер Кабинетінен рұқсат керек деп бас тартты. Тауымыз шағылып, амалсыздан Мұхтар Шахановқа бардық. Ол кісі реңжи отыра, олар менің атымды естісе, одан сайын қытады. Мына қағазды алып, Жастар Ісі жөніндегі мемлекеттік комитеттің төрағасы Имангалиға барсандар, төс белгілер істетуге көмектеседі деді...

И. Тасмағамбетов: – О, Мұханың мына хатын Мұражайға қоюға таптырмайтын құжат екен, деп, қалжындағы, Өтеген Келібаев деген жігітті шақырып, бізге көмектес деп, табысталды. Өтеген Александр Садуақасов атты суретшіні таныстырыды. Ол бізге төс белгінің жобасын келісілген акы бойынша жасап беретін болды. Ал, төс белгілерді жасатуға Михаил Сачков, Николай Молчаненко деген жігіттермен таныстырыды. Бірақ, оларға дер кезінде сұраған ақшаларын аударып бергенімізben, екеуі ананымынаны сұлтаратып, жұмыстарын бастай қоймады. А. Садуақасов болса, Жастар комитетінің басшыларына айтыңыз солар жоғарыдан звондал тұрмаса, бұлар уақыт соза береді деп,

ақылын білдірді. Өтеген Келібаевтарға барсам, бір күні Сырым батырдың тойы, енді бірде Ағыбай батырдың тойы болатын еді, деп, шапқылап жүргендері. Өтеген мен Имангалиларға Сырым мен Ағыбай батырлардың тойларын халық үйымдастырып жатқан жоқ па?! Сендер жастар ісімен шұғылданбайсындар ма?! Сачков пен Молчаненколарың төс белгілерін жасамай жатыр, тигізген көмектерің сол болсын, оларға ара-тұра қонырау шалып тұрындаршы десем, жарайды деп, мені шығарып салады. 400 шакырымдағы Мойынқұмнан әуре болып тағы келсем, “баяғы жартас – сол жартас” қозғалыс жоқ. Эйтеуір әрен дегенде Ескерткіш ашылу салтанатына арнап 500-ге жуық төс белгілерді жасаттырып, қалғандарын кейін алдық. Оның өзінде 300 дейін дүрыс жасамағандықтан қабылдамадым... Осы төс белгілерді Қайраттың кітаптарымен қоса, Төуелсіздік күндері Қ. Рысқұлбековтың рухын қастерлеуге арналған спорттық жарыстар мен жиындарда озық өнер көрсеткен жастарға тарту етіп келеміз.

Имангали Тасмағамбетов екі жылдай Президенттің көмекшісі қызметін атқарғаннан кейін, Премьер-министрдің орынбасары қызметіне көтерілді. Сол кездерде оның қабылдауына кіргім келіп еді, бірақ жолым болмады. Имангали Нұргалиұлы Атырау облысы әкімдігінен қайтадан Премьер Министрдің орынбасарлы-

ғына қызметке келгенде, Елбасымыз оған Тәуелсіздікке 10 жыл толуына орай өткізілетін іс-шараларға басшылық жасауды міндеттеді. Осыған орай И.Н.Тасмагамбетовке 2001-жылдың 4-сәуірінде төмендегі хатты жолдадық:

**Құрметті Иманғали Нұрғалиұлы!**

1991-жылы 22-наурызда Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданында құрылған Қайрат Рысқұлбеков атындағы қор жастарымызды үлтжанды-адамгершілікке тәрбиелу жолдарында көптеген иғі шаралар атқара алды.

1. Бірлік ауылындағы өзі оқыған мектепке Қайраттың есімін бергізди.

2. Туган ауылы мен Алматыдағы қошелерге Қ.Рысқұлбековтың атын бергізуге ат салысты.

3. 1992-жылы 10-қыркүйекте кіндік қаны тамған Бірлік ауылында ескерткіш бой көтерді.

4. 1993-жылы маусымда мектебінің алдына Белгі тас орнатқызы.

5. Айрықша үлтжанды да өнегелі қасиеттерімен көзге түсken қазақ жастарына Қайрат атындағы сыйлық тағайындалап, оның алғашқы жүлдесін, Омбы қаласындағы Қазактың “Мәлдір” Мәдени Орталығының төраймы Алтынай Жұнісоваға тапсырдық.

6. Алматыдағы Сөулет-Құрылыс Академиясында, Мойынқұм ауданындағы

К.Рысқұлбеков атындағы мектепте, Шу ауданының орталығы Төле би ауылында, 8 жыл оқыған С.Шәкіров атындағы мектепте Халық қаһарманы Қ.Рысқұлбековке арнап Мұражай бөлмелерін ашқызыдық.

7. Семей, Алматы, Тараз қалалары мен Шу, Мойынқұм аудандарында өтізіліп келген ақындар айтысы мен спорт жарыстарына шамашарқымызша Қайрат атындағы жүлделерді тапсырып келдік.

8. Қ.Рысқұлбеков туралы “Ер намысы – ел намысы” мен “Қайрат және Желтоқсан көтерілісі” кітаптарын шығарып, халыққа таратудамыз...

Атальып өткен иғі шаралардың барлығы халықтың қолдауымен, дархан жанды мырзалардың көмектерінің арқасында атқарылды. Ашығын айтсақ, Үкімет орындарынан да, жас боздақтың өліміне кінәлі лауазымды басшылардың тарапынан ешқандай қолдауда, көмек те болмады.

Елбасымыз үстіміздегі жылға – Тәуелсіздікке 10 жыл – мәртебесін берді. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсап келген тәуелсіздігімізге жол ашқан қасиетті бұлак бастауы – Желтоқсан көтерілісі. Ал, Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың алатын өзіндік орны ерекше емес пе!?.

Сондықтан да үкімет тарапынан:

1. Алматыдағы Сөулет-Құрылыс Академиясына Қ.Рысқұлбековтың есімін

бергізуге (Бұл туралы “Алматы ақшамында” 10. 03. 2000. Қазақстан-1 “Отандастарда” 22. 05. 2000. Хабар-2. 13. 01. 2001. айттық).

2. Алматыда Желтоқсан құрбандарына Мұражай ашуға (1996-жылы қарашада телефон желісімен Президенттіміз Н.Назарбаевқа айттым).

3. Қ.Рысқұлбеков 8 жыл оқыған Төле би ауылында (Шу ауданы, Жамбыл облысы) және Алматыға Ескерткіш орнатуға.

4. Астана қаласының жана қошелерінің біріне Қайрат Рысқұлбековтың есімін бергізуге.

5. Отансүйгіш қасиеттерімен дараланған Қарулы Күштер қатарындағы жауынгерлер мен жастарға арнап Қ.Рысқұлбеков атындағы марапат белгілері: Ордендер мен медальдар тағайындауга – Парасатты – кеменгерлікпен ат салыссаңыздар нұр үстіне нұр болар еді.

Сондай-ақ, тәуелсіздігіміздің 10 жылдық мерекесіне тарту ретінде әрі болашақ үрпақтарымызды иманды үлтжандылыққа тәрбиелу мақсаттарында айтарлықтай ұлағатты істер тындырар едініздер.

Ізгі ниетпен,  
Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков атындағы қор

Басқармасының төрағасы: Мөкен Уәктелі

Хатшысы: Кенжебек  
Ыбырайымов

Осы хатқа 2001-жылы 2-қазанда мынандай жауап келді: № 24-416319

**Құрметті Мәкен Уақтегі!**  
Сіздің Алматыдағы Сөулест-құрылым Академиясына К.Рысқұлбековтың есімін беру туралы ұсынысыңыз осы окуорны ректоратының кеңейтілген мәжілісінде қаралып, нәтижесінде ректорат мүшелерінің пікірі екіге бөлінгендіктен (жиналғандырдың жартысы Т.Бәсеновтың есімін беру жөніндегі ұсынысты қолдаған) жеткілікті дауыс жинай алмағанын хабарлаймыз.

Осыған орай, Халық қарнаманы К.Рысқұлбековтың атын Қазақ Сөулет-Құрылым Академиясына беру мәселесін шешудің өзірше мүмкіндігі болмай түр. Ал, қала көшелеріне кісі атын беру немесе қайта атау мәселелері заң бойынша қалалық әкімшілік пен мәслихаттардың өз құзырына берілген. Сіздің ұсынысыңыз біздің тарапымыздан Астана және Алматы қалалық әкімшіліктеріне жіберіліп, қалалық ономастика комиссияларының қарауына тұсті.

Кұрметпен, қолы

Р.Жоламан

Бұған да шүкіршілік ете, үлкен үмітпен жақсы хабар күтеміз... Президенттің төнірегіндегі лауазымды басшылардың арасында И.Тасмагамбетовтың беделі жоғарылау. Қырықтың қырқасына шыққан Иманғалидің маマンдығы мұғалім болғандығына қарамастан көптеген жауапты қызметтерде болып, айтарлықтай тәжірибе жинақтап, пісіп жетілді деп, ойлаймын. Менімше, Н.Назарбаев И.Тасмагамбетовты

үлкен қызметке – Премьер-Министрдің жұмсақ орындығына отыргызысы келіп жүрген сиңайлы. Кейбір саясаткерлер: Нұрсұлтан Әбішұлы Ельциннің жолын қуып, Иманғалиды Владимир Путин сиңекті өз тағына жайғастыруға дайындалуда – деген пікірлерін білдіруде. Нұрекен де осал саясаткер емес, өте көреген. Сонғы кездегі Үкімет басындағы дағдарысқа орай, Демократиялық таңдау қозғалыстары құрылдып, тағы да шайқала бастаған сиңекті. Сондықтан да Елбасымыз күйеу балаларына да, И.Тасмагамбетовке де сенбей жақын інісі Қайрат Сатыбалдыны (ол Назарбаев фамилиясын өзгертті ғой) саяси сахнаға шығарды. Ол да бірте-бірте халық арасында бедел жинап келеді. Менін болжауымша, басқа-басқа емес, дәл Қайрат Сатыбалды Путиннің жолымен Нұрекеннің ізбасары болуы ғажап емес.

Ата Заңымызды өз мұддесіне бағыттай бүрмалатқан Н.Назарбаев бүгінде елдің тізгінін ұстауға шамасы келіңкіремей, ие бола алмау хауілі туындауда, сондықтан да өзінің ең жақын адамын Президенттік таққа отырызып барып, халықты екеуlep басқаруды ойластыру үстінде. Осындағы өзгерістердің 2002-жылы орындалуы өбден мүмкін.

### ӘРКЕН УАҚОВ

Әйгілі Желтоқсан көтерілісіне катынасып, құрбан болған, жапа шегіп жаза-

ланған үл-қыздарымыз берендер-азаматтырымыздың тізімдері жарияланған бастаған соңақ, Әркен Уақовтың есімі көзіме оттай басылған болатын. Өйткені, менің есімім Мәкен, фамилиям Уақов. Әрекең бұған қосымша Қайрат оқыған Сөулет-Құрылым Академиясының доценті қызметінде еңбек еткен. Кездескен таныстарымның көшілігі: – Әркен Уақов туысын емес-пе? – деген саудардың қойып та жүрді. Бірде Алматыдағы Ұлттық-Жаңғыру Орталығының төрагасы Дәурен Сатыбалды: – сен осы Әркен Уақов емессін бе? деп, сұрады. Мен болсам, жоқ, ол кісі менімен фамилиялас деп жауап қайтардым. Дәукең сонда: – Егер сол кісінің өзі болғанында сені Президенттікке үміткер ретінде сайлауға ұсынуға күш салатын едім, дегенде, ол кісінің ақ көнілдігіне құлдім де қойдым.

1993-жылдың желтоқсанында Қарағанды, Теміртау қалаларының жоғарғы, орта оқу орындары жастарымен кездесуге жолсапарымен барғанмын. Қайтар кезеңде Қарағандының теміржол бекетінде Прибалтикалық егделеу азаматпен кездейсоқ танысып қалдым. Аты-жөнімді айтқан соң, ол да Әркен Уақовтың туысы емессін бе, деп, сұрады. – Жоқ, Әрекеңді танисыз ба? – деп, өзіне сауал тастағанымда, Ә.Уақовтың Жәйрем қаласында жазасын өтеп, өрі қызмет етіп жүргендігін айтқан еді...

1996-жылдың акпанында Ағыбай батыр қорының директоры Сейіткерім Қожа-

назар, Төле би қорының басшысы Оралжан Масатбаев пен ақылдаса келе 13-наурызда Қайраттың 30 жасқа толу құрметіне өзі оқыған Алматыдағы Сәулет-Құрлыс Академиясында жастармен жиын өткізгіміз келіп, ақылдасқан едік. Осы мақсатпен Академияның сол кездегі проректоры Жанкелді Отарбаевқа жолығып едім, мениң аты-жөніммен танысқан соң: – сіз ректор Атрушекевичке кірмей-ақ қойыңыз, ейткені осы Академияда Уақыт Әркен деген доцент Желтоқсан қотерілісін үйімдастыруышылардың бірі ретінде сottaған. Сізді сол кісінің жақыны деп, қырсығып, ректор мұлдем рұқсат бермей қоюы мүмкіндігін ескертті.

Оралжан Масатбаев пен Сейіткерім Қожаназар қатынас қағаздарымен Атрушекевичтің қабылдауында болып, жиын өткізуге рұқсат алып шықты. Жанкелді Отарбаев пен кітапханаши қыздар үш әріп тыңшыларының араласқанына қарамастан Қайраттың 30-ға толған күніне орай еске алу жиынын ойдағыдай өткізуге жаңын салды. Көптеген баспасөз құралдары өкілдерімен қатар “Азаттық” Радиосының тілшісі Батырхан Дәрімбет теқатысты.

Кейінрек “Егемен Қазақстан” газетінен Әркен Уақыттың заң жүзінде ақталып шыққанын оқып қуанып қалдым. Атрушекич сенатор болып кеткен соң, Академияға А. Құсайынов ректорлықта тағайындалғаннан кейін, аз да болса сен қозғалып, Қайрат Рысқұлбековтың

тұған күніне байласты 2000-жылы 13-наурызда Академия үжымы жиын үйімдастырды. Қайрат қорының атынан Сейіткерім Қожаназар екеуіміз қатынасып, осы оқу орнына Халық қаһарманының есімін бергізу, алдымен Ескерткіш орнату, Мұражай ашу жайлы пікірлер қозғадық. Ен қуаныштысы, улагатты кешке Желтоқсан батырлары: Жансая Сәбитова, Қайыркелді Күзембаев, Құттыбек Аймаханов, Жамбыл Тайжұмановтармен бірге Әркен Уақыт ағамыз да келіп...

Әрекен сөз алып: – Желтоқсан қотерілісінен соң өзіммен бірге қызмет ететін әріптестерім мені үйімдастыруышылардың бірі ретінде көрсеткен болулары қерек. Олар осында әлі қызмет етіп жүр. Мені де қамауға алып, істерім тергеуге түсті. Бірде тергеушілер мені Қайратпен беттестіріп: – Сендерге алаңға барыңдар деп үгіттеген мынау мұғалімінді танисың ба? деген сұрақ қойды. Сонда Қайрат: Мен бұл кісіні танымаймын Аланға өзіміз бардық, бізді ешкім үгіттеген жок, деді. Егер сонда Қайрат жалтақтық танытып, басқаша айтқанда, мен де ату жағасын алған болар ма едім, – деп, көзіне жас алды... Жиын соңында Әркен аға бізben жете танысқысы келіп, Қайраттың өлімі жайлы деректерден хабардарлығын айта, амандық болса, Желтоқсан қотерілісі жайлы кітап жазбақ ойы бар екендігін білдірді.

Ара-тұра “Азаттық” радиосы мен “Солдат” газетінен ашық та, батыл мәлім-

деме жасап, үлкен бетбұрысқа бағыт алды. Көп ұзамай, орыс тілінде “Желтоқсан қотерілісіндегі геноцидте Н. Назарбаевтың кінәлілігі туралы деректер” деген кітабы жарықта шықты. Өкінішке орай, сол кітаптарының көшілігі “үш әріп жандайшаптарының” көмегімен тәркіленіп, оқырмандарға кеңінен таралмай қалды. Осы кітаптар жарық көрген соң, 2001-жылы ақпанның соңына таман “Азаттық” радиосынан Қайраттың өлімі туралы хабарлама жасадым.

Біршама уақыт жоғарыдан қысымдар жасалынып, Әрекен өжептеуір науқастаңып та қалды дсп, естідім. Он шақты жылға жазықсыздан-жазықсызға сottaғу, кейіннен лауазым иелері тарапынан Жәйрем қаласындағы жосықсыздықтар, бірнеше жыл әуре-сарсаңға түсе өзін-өзі заң жүзінде толықтай ақтап шығу, әрине, 70-тен асқан қарияға оңай шаруа емес!! Бұндай қынышлықтарға жігіттердін-жігіттері, олардың ішінде нар, сұлтандары ғана шыдайтыны баршамызға белгілі.

Ашығын айтқанымда, он жылдан астам уақытта Желтоқсан қотерілісіне қатынасушы көптеген қайраткерлер бой көтерді. Көшілігі ананы-мынаны айтып, әрдайым науқанды ұрандар қотерумен келеді. Бірақ нәтиже шамалы. Желтоқсан комитетінің жігіттері жік-жікке бөлініп, ырын-жырынмен бастары қосылмауда. Көбі пәтерлер, қаржылай көмек алған соң біраз жылдар бойы көрінбей кетеді.

Кейбіреуі тіптен, “дайын асқа” – Қайрат Рысқұлбеков атындағы қордың тізгініне ие болғысы келіп те жүр. Мен оларға: – Құдайға шүкір, Қайратқа байланысты ігі шаралар атқарылды. Бұгінде бүкіл халық болып қолдауда. Желтоқсан құрбандары: – Ләzzат Асанова, Ербол Сыпатаев, Сәбира Мұхаметжановалардың рухын құрметтеуге ат салысындар, олар көбіне ұмыт қалуда, деп ескерттім де.

Ал, Әркен ағамыз мен деген талай қайраткерлер айта алмай келген ашы шындықты айтып, Желтоқсан көтерілісінің көлеңкелі бетіне жарық түсіріп, болашақ үрпақтарымызға айтарлықтай сый тарту ете, тарихымыздың бүрманған беттеріне түзету енгізуге күш салып отырган жоқ па!?

## ТЕМІРТАС ТІЛЕУЛЕСОВ

1995- жылы 16-маусымда “Караван” газетінде жарық көрген “Шымкентские тайны” атты мақаланы оқып, Т.Тілеулесовке сырттай қызығып, соны немен тынады еken деп, елендеп жүрдім. Ол кездерде Мойынқұм ауданында тұратынмын. Жогарыдағы мақала жарық көрген “Караван” газетін көптеген таныстарыма оқытып, пікір таластырдық та. Ара-тұра Теміртас туралы “Азаттық” радиосы да хабарлар беріп тұрды. Кейінрек жемсаулары кен, арандары ашылған лауазымды

жемқорлармен күресіп, шындыққа жете алмай, әбден ашынған Т.Тілеулесов кітап жазып жатқанын да естідім.

1999-жылдың басында Алматыға барып қалған сапарымда Батырхан Дәрімбетке жолығып едім, маган “Ордалы жылан” кітабының екі данасын берді. Ол кітаптың бірін Шу аудандық кітапханасына тарту еттім. Содан бастап “Ордалы жылан” қолдан-қолға тимей, көпшіліктің сүйікті кітабына айналды. Өзім Теміртаспен бетпе-бет кездескен емеспін. Тек бірекі мөрте телефонмен хабарласқаным болмаса...

“Ордалы жылан” кітабына байланысты әшкереленген лауазымды басшылар Теміртастың соына шырақ алып түсті. Сотқа да берді, бірақ, ешнәрсе бітіре алмаған олар оннан астам бас бүзар бұзакыларды жалдап, Теміртасты соққыға жығып, ауыр халде ауруханаға жатқызды. Кейін Т.Тілеулесовке тиіскең бұзакылардың бірекеуі, ол бізді үрып жаракаттады деп, Теміртастың өзін сотқа беріп, іс қозғады. Осындай жосықсыздыққа орай, “Қапы қалмайық ағайын” айдарымен 2000-жылы 1-маусымда кешкісін, ертендіне 2-маусымда “Азаттық” радиосынан:

– Жақында “Азаттық” радиосынан “Ордалы жылан” кітабының авторы Теміртас Тілеулесовтың қамауға алынып, кепілдікке босатылғанын естіп, зығырданып кайнады. Алдында ғана өлімші болып, соққыға жығылып ауруханаға да жатып

шыққан жоқ па – еді?!. Бұл не деген сүмдүс!!! Кезінде ақықатты шындықтан қорықкан көсемдер 1986-жылы Желтоқсан көтерілісінің қаһарманы – Қайрат Рысқұлбековтың өміріне қастандық жасатқан еді. Енді міне, сол Желтоқсан боздақтарының қандарының арқасында қолдары жеткен Төуелсіздігіміздің бал-қаймалы мен жал-жаясына семіріп, көздерін шел басқан Айдахарлар Ордасын әшкерелеген Теміртас бауырымыз небір зұлымдықтарды басынан кешіруде. Немқұрайды – енжарлығымыздың кесірінен Қайраттай боздақтардың өмірлеріне ара түс алмадық.

Масқара боп, үятқа қалмайық десек, ашы шындық үшін жападан жалғыз шырылдағ жүрген Теміртасты халық болып қолдап, енді оны қорлауга жол бермей, демеу көрсетейік, ағайын!!!!... дей, ашына айттым.

Ұмытпасам, 2000-жылдың күзіне таман, “сценарийлы сот” басталып, Теміртас Тілеулесов әділетсіз жазаның құрбандығынан алдын-ала сактандып, бой тасалап үлгерді. Сөйтіп, қаншама уақыт өуре-сарсаңға түсіп, шындық іздел шырылдаған Теміртастың тауы шағылып, оны сыртынан 2 жылға қатаң режимді жазамен соттаған сот үкімі де шығып, бас бүйдасын сыйайлас жемқорлар басқарып отырган “коррупциялық мемлекетке” айналғанымызға көзім әбден жетті...

2001-жылы қантардың сонында Жетісу аудандық соынына “Солдат” газетінің ре-

дакторы Ермұрат Бапи мен Көрішал Асан-Атанаң үстінен қозғалған сот процесіне қатынасуга Сейіткерім Қожаназар екеуіміз барған болатынбыз. Сонда Қайролла Адамұлынан Теміртастың ағасы Мекемтастың мекенжайын анықтап алдым. Елтаныған Батырдың бауырына жолығу қынға түспеді. Мекемтас мені жатсынбай қарсы алып, інісінің бірнеше жылдан бері басынан өткеріп жатқан қыншылықтары туралы жанжақты өнгімелеп берді. Теміртасты жалғызыратпай, әрдайым көмектесіп келе жатқанын, оны өділетсіз жазалаған сот шешімімен келіспейтінін, Астанадағы Жоғарғы орындардан үміт күтетінін білдірді.

Сондай-ак, “Ордалы жылан” мен “Шымкентская мафия” кітаптарын шығаруға тікелей өзінің ат салысқанын айта келе, олардың түп нұсқалы жазбаларын да көрсетті. М.Тілеулесовтың мамандығы дәрігер-фармацевт. Қызметтес таныстарының, жора-жолдастарының көмектерінің шарапатымен кейінгі “Шымкентская мафия” кітабін 10 мың таралыммен, сапалы да жоғарғы деңгейде шығарылғанына шүкіршілік етіп, маған қол таңбамен бір кітапты Теміртас екеуінің атынан тарту етті...

— Асанбай Асқаровқа жолықтыңздар ма? — деген сауалыма: — Асекен Қалқамандағы ауруханада емделіп жатқан екен. Мен көнілін сұрап барып, мөн-жайды түсіндірдім. Ол кісі қазірше

ешнәрсе айта алмайтынын ескерте келе, өзінің шет елдік бір қымбат дәріге зәру екендігін білдірді. Таныстарымның көмегімен өте қымбаттығына қарамай сатып алып, дәрілерді апарғанымда, қуанып, ризашылығын білдірді. Сауығып шыққан соң Асекенің от басында болдым... деп, ашығын айтты...

Сонымен бірге, Мекемтас өділетсіз сот шешімінің күшін жойдыруға Жоғарғы сотқа шағымданып жүргендерін, егер мақсаттары орындалатын болса, Теміртастың жасырынбай, жарыққа шығатының сездірді. Мекемтасқа сәттілік тілеп, жылы қоштастым.

Кейінірек “Азаттық” радиосынан Теміртастың бірекі мөрте сөйлегенін естідім. Жоғарғы сот онды шешім қабылдамай, уақытты созып жүргенін естідік. Жақын арада Мекемтас телефон арқылы маған хабарласып, Теміртастың ісінің Желтоқсан көтерілісін үйимдастырушылардың бірі ретінде сottалған Әркен Уақовтың мемлекеттік айыптаушысы болған И.Лепихин дегенге түсkenін ренжи отыра айтып берді. Тек, шыншыл, тәуелсіз заңгер Нури Муфтахтың көмектесуге кірісkenін тілге тиек етіп, шүкіршілік қылды...

Жалпы алғанда, жүйкесі де өзі де темірден жаралған Теміртас Тілеулесовтың басынан өткерген құқайлары бір емес бірнеше том кітапқа арқау болып қана қоймай, деректі коррупция кинофильмдерге де таптырmas

тақырып екендігі де айдананық. Осындај жүгендісін со-рақылықтарға қарағанда, қарапайым қалың жүртшылық емес, Елбасымыз өзі бас болып ауыздары арандай ашылған лауазымды мырзалар тәуелсіздікті иеленіп, он жылдан бері халқымыздың қанын қандаладай сорып келе жатқаны ашы шындық. Алдымен Н.Назарбаевтың ауызға оралатын себебі, оның ары да жаны да таза болғанда, Т.Тілеулесовтың басын сергелденге салып, оны жемқор жалмауыздардың ортасына талауға тастап, жападан жалғыз шырылдатып қоймас еді.

Президентіміз “мың өліп мың тірілген” халқымыздың жарқын болашағына жаны шындалап ауырғанда, Теміртасты жанына алып, сыйбайлас жемқорлармен күресетін комитетті басқартып қолдау көрсеткен болар еді ғой. Амал нешік, еліміз құдайдай сенген Елбасымыз өкінішке орай, Т.Тілеулесовтей адада, ақ жүрек азаматтарға қорған болудың орнына халықты қандаладай сорған қараниетті қорқаулардың қол шоқпарына айналып бара жатқанына, қалың көпшіліктің ғана емес тіптен, өлем жүртшылығы да хабардар бола бастағаны ашы шындық!!...